

**8D04110 – «Қаржы» білім беру бағдарламасының  
докторанты Исанов Арман Серикгалиевичтің  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Цифрлық трансформация жағдайында Қазақстанның банк секторын  
жаңғырту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Жаһандық экономиканың жедел цифрлануы жағдайында Қазақстанның банк секторы қаржылық тұрақтылықты сақтауға және жаңа технологиялық әрі реттеушілік талаптарға бейімделуге жоғары жауапкершілікпен қарайтын негізгі институттардың біріне айналып отыр. Цифрлық технологиялар қосалқы құрал болудан қалып, банктердің бизнес-модельдерін, клиенттермен өзара іс-қимылын және қызмет көрсетуді түбегейлі өзгертетін шешуші факторға айналуға айналуда. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Жолдауында қаржы саласына жасанды интеллект, үлкен деректер және смарт-жүйелерді енгізудің стратегиялық маңызы атап өтіледі. Бұл міндеттер қаржы нарықтарының тұрақтылығын арттыруды, тәуекелдерді тиімді басқаруды және цифрлық шешімдердің сапасын күшейтуді көздейді.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан банк секторының негізгі қаржылық көрсеткіштеріне жүйелі талдау жүргізу ерекше маңызға ие. Зерттеу тақырыбына сай банк секторындағы активтер мен міндеттемелер динамикасы, несие портфелінің сапасы мен құрылымы, операциялық шығындар көлемі, мерзімі өтіп кеткен берешектер үлесі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға жұмсалынған қаражаттары (әрі қарай АКТ), меншікті капитал мен жалпы банк секторының пайдасы және т.б. маңызды көрсеткіштер енеді. Сондай-ақ макроэкономикалық айнымалылар — жалпы ішкі өнім, инфляция, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (әрі қарай ҚРҰБ) базалық мөлшерлемесі және халықтың депозиттері көлемі де банк секторын кешенді бағалауда маңызды рөл атқарады. АҚ «Қазақстан Халық Банкі», АҚ «Kaspi Bank», АҚ «Банк ЦентрКредит» сияқты жетекші институттардың қызметін талдау цифрлық трансформация жағдайындағы тұрақты үрдістерді, әлсіз тұстарды және өсу нүктелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Постпандемиялық кезеңнің салдарлары, геосаяси белгісіздік және финтех-технологиялардың жылдам таралуы дәстүрлі банктік модельдерге қысымды күшейтіп отыр. Мұндай жағдайда цифрландыру енді таңдау емес, қаржылық қызметтердің тиімділігін арттырудың, олардың қолжетімділігін кеңейтудің және тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдірудің маңызды құралына айналды. Сонымен бірге ұлттық экономиканың даму динамикасы көрсеткендей, банк секторын жаңғырту нақты сектор құрылымын түбегейлі өзгертпесе де, ұзақ мерзімді экономикалық өсуге негіз болатын неғұрлым орнықты және икемді қаржылық инфрақұрылым құра алады. Осы

факторлардың жиынтығы Қазақстан банк секторын цифрлық жаңғырту үрдістерін кешенді зерттеудің өзектілігін айқындайды.

**Зерттеудің ғылыми тұрғыдан игерілу дәрежесі.** Бұл диссертациялық зерттеу банк секторына цифрлық технологиялардың ықпалын және финтех-инновациялар әсерінен оның құрылымдық өзгерістерін талдаған қазіргі авторлардың еңбектеріне сүйенеді. Цифрландырудың дәстүрлі банктік модельдерді қалай өзгертетінін көрсеткен Бретт Кингтің еңбектері бұл салада маңызды орын алады. Дон және Алекс Тапскоттардың жұмыстары блокчейн технологиясының қаржылық үрдістерді қайта құрудағы рөлін терең түсіндіреді. Орталық банктердің цифрлық валюталары туралы мәселелер Халықаралық валюта қоры мен Банктердің халықаралық есеп айырысу банкі материалдарында кеңінен талданып, олардың техникалық және институционалдық тұрғыдан интеграциялану күрделілігі атап өтіледі.

Open API және ашық банкинг тақырыптарын зерттеген С. Хардт пен McKinsey сарапшылары деректер алмасу арқылы нарықтағы бәсекенің күшеюін және қаржы институттарының рөлдерінің өзгеруін көрсетеді. Сонымен қатар Deloitte және цифрлық тәуекелдер саласындағы басқа да зерттеушілер киберқауіптердің артуына және банктердің үздіксіз мониторинг жүйелерін енгізу қажеттілігіне назар аударады. SupTech және RegTech бағытындағы еңбектерде цифрлық құралдардың қадағалау тиімділігін арттыру мүмкіндіктері кеңінен талқыланады.

Халықаралық тәжірибе цифрлық трансформацияның реттеушілік тетіктерді қайта қарауды талап ететінін дәлелдейді. Дегенмен де аталмыш әдіс-тәсілдер отандық банк секторы шарттарында зерттелінетін жүйелі ғылыми еңбектерінің аздығы анық көрінеді. Тиісінше дәл осы ғылыми олқылық зерттеудің өзектілігін күшейтеді.

Қазақстандық ғылыми әдебиетте банк ісі, оның тұрақтылығы және банк секторын реформалау мәселелері Сейтқасимов Г.С., Мақыш С.Б., Искакова М., Конакбаев А.Г., Сембеков А.К., Рахметова А.М., Кулумбетова Д.Б., Маулина Н.Х., Асанова А.Б., Исабаева С.Б., Керимкулова Д.Д., Жоламанова М.Т., Тсапова О., Смолянинова С., Кенжебаева З., Аскарова Э.Т., Жошибаева Д.А., Дарибекова А.С., Османова Ф.М., Танатова С.О., Канагатова Д.Б., Сидоренко В.Н., Игибаева Д.Д., Лухманова Г., Сейтова Г., Алимбаева А.С., Улаков Н.С., Курманалина А.К., Гусманова Ж.А., Ержанова С.К., Сейсекенова Р.Р., Додонов В.Ю., Ысқақбек М., Нурбацин А.С., Абжалелова Ш.Р., Челекбай А.Д. және басқа да авторлардың еңбектерінде жүйелі түрде қарастырылған. Бұл зерттеулерде банк жүйесі институттарының қызметі, несиелеу және реттеу құралдары, банктердің нақты секторымен өзара байланысы және дағдарыс кезеңіндегі қаржылық тұрақтылық мәселелері жан-жақты талданған.

Дегенмен, талдау көрсеткендей, цифрлық трансформация аспектілері аталған еңбектердің басым көпшілігінде тек жекелеген операцияларды автоматтандыру шеңберінде қарастырылып, банк тұрақтылығы мен тиімділігіне цифрландырудың кешенді әсері жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Сонымен іргелес Ресей және Батыс әлемінің зерттеушілері Ресейлік және шетелдік авторлар Вдовина Е.С., Куликова М.А., Аксёнова Е.А., Волков А.А., Петрова Е.В., Смит А., Локк Дж., Маркс К., Джефферсон Т., Шумпетер Й., Фридман М., Кейнс Дж.М., Хайек Ф.А. фон, Самуэльсон П.А., В.Д. Нордхаус, Даймон Дж., Мойнихан Б., Куинн Н., Севинг К., Zhang Q., Ou Y., Chen R., С.П. Колчин және басқалар цифрлық орта жағдайында банктердің жұмыс істеуіне, тәуекелдерді басқаруға және реттеушілік жүйені жаңғыртуға ерекше назар аударады. Олардың еңбектерінде жаңа қаржылық өнімдер, онлайн-қызмет көрсету арналары және тәуекел құрылымдарының өзгерісі қарастырылып, елдер банк жүйелеріне жаһандық цифрлық үрдістердің ықпалын бағалай отырып, ұлттық және халықаралық көзқарастардың тоғысқан тұстарын зерттейді.

Қаржы секторындағы цифрлық трансформацияның әлемдік теориялық негіздері Б. Кингтің (мысалы, «Bank 4.0», 2018) және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты түсіндірілген. Бұл еңбектерде дәстүрлі банктік қызмет көрсетуден жасанды интеллектке, мобильді сервистерге және ашық интерфейстерге негізделген экожүйелік модельдерге көшу сипатталады. McKinsey («The Digital Banking Imperative», 2020) және Deloitte («Global Digital Banking Survey», 2021) есептерінде цифрландырудың дамушы нарықтардағы банктер үшін кірістердің өсуіне, шығындардың азаюына және тәуекелдердің қайта құрылуына әсері эмпириялық деректер арқылы көрсетілген.

Қазақстандық контексте ҚРҰБ-нің ресми есептері, төлем жүйесін дамыту материалдары, орталық банктің цифрлық валютасын енгізу туралы құжаттар және Open API тұжырымдамасы маңызды болып табылады. Алайда бұл құжаттар статистикалық сипатта болып, цифрлық инновациялардың банк секторының тұрақтылығына, бизнес-модельдеріне және реттеушілік ортаға әсерін толық ашып көрсете бермейді.

Жүргізілген талдауды қорытындылай келе, цифрлық жаңғыртудың халықаралық тәжірибесін Қазақстанның институционалдық ерекшеліктеріне бейімдеу мәселесі жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін байқауға болады. Әсіресе ақпараттық-коммуникациялық технологияларға жұмсалатын шығындар, операциялық және кибертәуекелдер, макроэкономикалық сын-қатерлер және ESG талаптары сияқты факторларды біртұтас жүйеде қарастыратын ғылыми жұмыстардың аздығы анық. Бұл ғылыми олқылық диссертациялық зерттеуді кешенді түрде жүргізу қажеттілігін негіздейді.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық зерттеудің мақсаты оның тұрақтылығын және қазіргі заманғы технологиялық және институционалдық сын-тегеуріндерге бейімделу қабілетін арттыруға бағытталған цифрлық трансформация жағдайында Қазақстан Республикасының банк секторын жаңғыртудың тұжырымдамалық шешімдерін әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеуде келесі міндеттер қойылады:

1. Банк секторын жаңғыртудың теориялық-әдістемелік негіздерін жүйелеу және банк қызметіндегі цифрлық трансформацияның экономикалық мәнін сипаттайтын ұғымдық аппаратты нақтылау.

2. Қазақстан банк секторының қалыптасуы мен цифрлық трансформациясының негізгі кезеңдерін талдау, банктердің қаржы жүйесіндегі рөлінің өзгеруін және жаңғыртудың институционалдық бағыттарын айқындау.

3. Банк секторын цифрландыру үдерісінде туындайтын цифрлық қатерлер мен тәуекелдердің табиғатын зерттеп, олардың қаржылық тұрақтылыққа ықпалын бағалау.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен коммерциялық банктердің цифрлық трансформацияны іске асырудағы рөлін талдау, сондай-ақ отандық тәжірибені халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып тиімді даму факторларын анықтау.

5. Банк секторындағы негізгі қаржылық көрсеткіштердің динамикасын бағалау және цифрлық факторлардың ықпалын ескере отырып экономикалық-математикалық модельдер негізінде олардың даму үрдістерін болжау.

6. Жүргізілген талдау мен модельдеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстан банк секторын цифрлық трансформация жағдайында жаңғыртуға бағытталған практикалық ұсыныстар кешенін әзірлеу.

**Зерттеу нысаны** Цифрлық (сандық) технологиялардың ауқымды қолданылуы жағдайында қызмет етуі мен даму тетіктері трансформациялауға ұшырап отырған Қазақстан Республикасының банк секторы.

**Зерттеу пәні** Цифрлық технологиялардың ықпалы нәтижесінде банк секторын жаңғырту үрдісінде пайда болатын экономикалық қатынастар және тәуекелдерді басқару жүйесіндегі өзгерістер.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеудің теориялық негізін цифрлық экономика тұжырымдамалары, банк ісі теориялары, қаржылық тәуекел-менеджмент бағыттары, сондай-ақ қаржы секторындағы институционалдық өзгерістерді талдау тәсілдері құрайды.

Әдістемелік база жалпы ғылыми әдістерді қамтиды:

- талдау және синтез,
- индукция және дедукция,
- салыстыру және абстракциялау.

Сонымен бірге арнайы экономикалық-статистикалық және эконометрикалық әдістер қолданылды, олар цифрлық факторлар мен банктердің қызмет көрсеткіштері арасындағы байланыстарды анықтауға және сандық бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында регрессиялық талдау, модельдеу және болжау әдістері қолданылып, банк секторын цифрлық трендтер мен макроэкономикалық жағдайларды ескере отырып дамыту сценарийлерін құруға негіз қалайды.

**Эмпирикалық зерттеу базасы.** Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасын келесі деректер мен материалдар құрайды:

– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық мәліметтері;

– «Қазақстан халық банкі» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның қаржылық нәтижелері мен негізгі көрсеткіштері жөніндегі есептері;

– Ресей Федерациясындағы Г. В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінде (Қаржы кафедрасы) өткізілген ғылыми тағылымдама материалдары;

– «Халық Банк» АҚ-да орындалған зерттеу тәжірибесінің нәтижелері;

– Қарағанды қаласындағы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің «Қаржы» кафедрасында жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында алынған мәліметтер;

– Банктердің цифрлық трансформациясы мен тұрақтылығына арналған халықаралық ұйымдардың (Bank for International Settlements, BIS) және консалтингтік компаниялардың (McKinsey, Deloitte және т.б.) статистикалық және аналитикалық есептері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан банк секторының цифрлық трансформациясын талдау және оны жаңғыртудың ұсынылған бағыттары арқылы алынған теориялық және қолданбалы нәтижелердің жиынтығымен айқындалады. Зерттеу барысында банктердің цифрлық эволюциясын сипаттайтын негізгі категориялар нақтылап, банк секторын мемлекеттік институттармен, финтех-компаниялармен және қаржылық қызмет тұтынушыларымен өзара әрекеттесетін ашық цифрлық платформа ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін әдіснамалық құрылым ұсынылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегі нәтижелермен сипатталады:

1. Цифрлық ортаға тән авторлық ұғымдар жүйесі нақтыланды. Банк қаржы-цифрлық экожүйе ретінде, ал банк секторы дәстүрлі банктік қызметтер мен инновациялық технологиялар өзара ықпалдасатын цифрлық-тұрақты жүйе ретінде қарастырылады. Цифрлық теңге ұғымы цифрлық технологиялар негізінде ақшаның жаңартылған қолма-қол ақшасыз нысаны ретінде ашылды. Ашық интерфейстер (Open API) банктер мен финтех-серіктестер арасындағы деректер алмасудың қауіпсіз және ұйымдастырылған стандарты ретінде анықталды.

2. Банк секторын ашық цифрлық экожүйе ретінде талдаудың теориялық-әдістемелік тәсілі әзірленді. Ұсынылған тәсіл банк секторындағы жаңғыртуды институционалдық, технологиялық және реттеушілік тетіктердің кезең-кезеңімен өзгеруінен тұратын үрдіс ретінде түсіндіреді. Бұл көзқарас цифрландыру жағдайында қаржылық тұрақтылықты қолдауда банктердің рөлін жаңа қырынан айқындауға мүмкіндік береді.

3. Макропруденциялық қадағалауды жаңғыртудың интеграцияланған моделі ұсынылды. Модель цифрлық индикаторларды, тұрақты даму өлшемдерін (ESG) және киберқауіпсіздік параметрлерін қамтиды. Халықаралық валюта қоры мен Банкаралық есеп айырысу банкінің типтік тәсілдерінен айырмашылығы — модель Қазақстанның институционалдық ерекшеліктеріне бейімделген және тәуекелдерді

мониторингілеу мен бағалауда түсіндірілуі мүмкін жасанды интеллект элементтерін (Explainable AI) қолдануды көздейді.

4. Экономикалық-математикалық модельдер жасалды және апробацияланды. Бұл модельдер 2025–2030 жылдарға арналған банк секторының пайда, меншікті капитал және өзге де негізгі көрсеткіштер динамикасын цифрлық факторлар мен макроэкономикалық жағдайларды ескере отырып болжауға мүмкіндік береді. Модельдеу нәтижелері стратегиялық жоспарлау мен жаңғырту бағыттарын айқындауда қолдануға жарамды.

5. Банк секторын жаңғыртуға арналған практикалық ұсыныстар әзірленді. Ұсыныстар цифрлық және кибертәуекелдерді басқаруды жетілдіруге, цифрлық инфрақұрылымға салынатын инвестициялардың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Ұлттық Банк пен коммерциялық банктер қызметіне SupTech және RegTech құралдарын енгізуге бағытталған.

**Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми тұжырымдар.** Зерттеу нәтижесіндегі қорғауға автормен даярланған төмендегі тұжырымдамалар ұсынылды:

1. Қазақстан банк секторын жаңғырту бағыттарын теориялық-әдістемелік талдау нәтижелері, олар банктік жүйенің сызықтық моделінен цифрлық-интеграцияланған қаржылық экожүйеге көшу қажеттігін негіздейді. Мұндай экожүйе сыртқы күйзелістерге төзімділікті арттырып, қаржылық тұрақтылықтың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

2. Авторлық ұғымдар жүйесі және нақтыланған категориялар, соның ішінде банкті цифрлық-қаржылық экожүйе ретінде қарастыру, цифрлық теңге - цифрлық технологиялар негізінде ақшаның жаңғыртылған қолма-қол ақшасыз нысаны ретінде түсіндіріледі, ал Open API ашық интерфейстерін ашық банкингті институционалды түрде іске асыратын тетік ретінде айқындау. Бұл түсініктер банк секторын цифрлық ортада реттеу мен дамытуға арналған әдіснамалық негізді құрайды.

3. Цифрлық трансформация мен макропруденциалдық реттеу тетіктерін талдау нәтижелері, олар статистикалық бақылауға негізделген дәстүрлі тәсілдердің жеткіліксіздігін және цифрлық, ESG және кибертұрақтылық көрсеткіштерін қолданатын тәуекелдерді интеллектуалды мониторингтеу жүйесіне көшу қажеттігін көрсетті.

4. Қазақстан банк секторының 2025–2030 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштерін болжауға бағытталған экономикалық-математикалық модельдер, олар цифрлық факторлардың әсерін ескеріп, сценарийлік жоспарлау тәсілдерін жаңғырту нұсқаларын таңдауда қолдануға мүмкіндік береді.

5. Банк секторын жаңғырту бойынша практикалық ұсынымдар кешені, олардың мақсаты – кибертұрақтылықты күшейту, цифрлық инвестициялардың тиімділігін арттыру және SupTech пен RegTech сияқты заманауи қадағалау технологияларын Ұлттық Банк пен коммерциялық банктердің қызметіне кезең-кезеңімен енгізу.

## **Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы.**

Зерттеу нәтижелерінің тек теориялық пайымдаулармен шектелмей, нақты қаржылық жүйеде бейімделуін негіздейді. Ұсынылған тәсілдер мен бағалау құралдары банк секторындағы цифрлық трансформация үдерістерін жүйелі түрде талдауға және тәуекелдерді ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе цифрлық құралдар мен модельдік бағалау элементтерін пайдалану реттеуші органдар үшін деректерге негізделген шешім қабылдауды жеңілдетеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері ҚРҰБ-нің және коммерциялық банктердің ішкі басқару жүйесінде қолданып, операциялық тиімділікті арттыру мен цифрлық қауіптерді төмендетуге бағытталған жаңғыртылған шешімдер кешені ұсынылады.

**Диссертациялық зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының банк секторын цифрлық трансформация жағдайында жаңғыртуға қатысты бірқатар ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелер жинақталды.**

Жұмыста банк секторын жаңғыртудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, цифрлық өзгерістердің мазмұны мен тәуекелдері, реттеушілік ықпал ету тетіктері, коммерциялық банктердің цифрландыру деңгейі, сондай-ақ негізгі қаржылық көрсеткіштердің экономикалық-математикалық модельдері мен болжамдық траекториялары кешенді түрде зерттелді. Осыған сәйкес, диссертацияның мақсат-міндеттеріне сай жүргізілген талдау, бағалау және модельдеу қорытындылары негізінде төмендегідей ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелер тұжырымдалды:

1. Қазақстанның банк секторын цифрлық трансформация жағдайында жаңғырту үдерісі зерттеуде қарапайым технологиялық жаңарту ретінде емес, банктік қызметтің институционалдық табиғатын өзгертетін терең жүйелік құбылыс ретінде негізделді. Диссертацияның теориялық өзегінде банк жүйесінің дәстүрлі сызықтық моделінен цифрлық-интеграцияланған қаржылық экожүйеге көшу қажеттігі дәлелденеді, өйткені қазіргі жағдайда банк тек қаржылық делдал емес, деректерді өңдейтін, тәуекелдерді алдын ала бағалайтын, клиентпен көпарналы байланыс орнататын және цифрлық инфрақұрылыммен тығыз байланыста жұмыс істейтін күрделі құрылымға айналады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңғырту ұғымы техникалық платформаларды ауыстырумен шектелмейді, ол банктің рөліне, нарықтық функциясына, реттелу тәсіліне және тұрақтылық архитектурасына қайта қарау енгізеді. Мұндай пайымдау сіздің диссертацияңыздың мақсатына тікелей сәйкес келеді, себебі зерттеу банк секторының тұрақтылығы мен заманауи технологиялық сын-тегеуріндерге бейімделу қабілетін арттыруға бағытталған тұжырымдамалық шешімдерді әзірлеуге құрылған.

2. Зерттеу аясында цифрлық трансформацияны сипаттайтын ұғымдық аппараттың мазмұны тереңдетіліп, авторлық категориялар жүйесі қалыптастырылды, бұл диссертацияның теориялық жаңалығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Атап айтқанда, банк цифрлық-қаржылық экожүйе ретінде, цифрлық теңге ақшаның жаңғыртылған қолма-қол ақшасыз

нысаны ретінде, ал Open API ашық банкингті институционалдық тұрғыдан іске асыратын тетік ретінде негізделеді. Мұндай нақтылау тек терминологиялық толықтыру емес. Оның ғылыми салмағы банк секторын цифрлық ортада реттеу мен дамытуды талдауға арналған жаңа әдіснамалық негіз қалыптастыруында жатыр, өйткені категориялар нақты айқындалмайынша, цифрлық өзгерістердің экономикалық шекарасын да, реттеушілік салдарын да жүйелі түрде түсіндіру қиын. Осылайша, зерттеуде ұсынылған ұғымдар жүйесі Қазақстан жағдайында цифрлық банкинг феноменін теориялық тұрғыдан талдауға бейімделген тұтас түсіндірме үлгісін береді.

3. Диссертацияда банк секторын ашық, көпдеңгейлі және сыртқы ортаға сезімтал цифрлық экожүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін теориялық-әдіснамалық тәсіл әзірленді. Бұл тәсілдің ерекшелігі сол, онда банктердің дамуы тек қаржылық көрсеткіштер арқылы емес, институционалдық бейімделу, цифрлық инфрақұрылым сапасы, деректерді басқару, кибертәуекелдер және реттеушілік икемділік сияқты өзара байланысқан факторлар жиынтығы арқылы түсіндіріледі. Нәтижесінде қаржылық тұрақтылық ұғымының мазмұны да кеңейеді: ол енді тек капитал жеткіліктілігіне немесе өтімділікке тірелмейді, сонымен қатар банк жүйесінің технологиялық орнықтылығын, цифрлық сервистердің сенімділігін және шоктарға жедел жауап беру қабілетін қамтиды. Мұндай теориялық позиция диссертацияда қойылған цифрлық қатерлер мен тәуекелдердің табиғатын зерттеу міндетімен де, банктердің қаржы жүйесіндегі рөлінің өзгеруін айқындау міндетімен де мазмұндық тұрғыдан толық үйлеседі.

4. Зерттеуде дәстүрлі макропруденциялық қадағалау үлгілерінің цифрлық қаржы кеңістігінің күрделенген талаптарына толық жауап бере алмайтыны теориялық түрде негізделді. Сіздің диссертацияңызда кредиттік, өтімділік және қорландыру тәуекелдері бұрынғысынша маңызын сақтайтыны көрсетілгенімен, сонымен қатар Big Data, Open API, автоматтандырылған есептілік және киберқауіпсіздік параметрлері сияқты цифрлық факторлар қадағалау жүйесінің жаңа құрамдас бөліктеріне айналып отырғаны дәлелденеді. Осы негізде цифрлық индикаторларды, ESG өлшемдерін және киберқауіпсіздік параметрлерін кіріктіретін кеңейтілген қадағалау парадигмасы тұжырымдалды. Бұл нәтиженің теориялық құндылығы оның бақылаудың реактивті моделінен тәуекелдерді алдын ала анықтайтын превентивті модельге көшу идеясын негіздеуінде жатыр, яғни қадағалау логикасы постфактум тіркеуден болжамдық талдауға қарай ығысады.

5. Диссертацияда банк секторының орнықтылығы мен даму серпіні цифрлық факторлар мен макроэкономикалық айнымалылардың бірлескен ықпалы арқылы қалыптасатыны теориялық және әдіснамалық тұрғыдан дәлелденді. Бұл жерде зерттеу банк нәтижелерін тек банктің ішкі менеджментімен немесе жекелеген нарықтық операцияларымен түсіндірудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Керісінше, активтер, депозиттер, несиелік портфель, меншікті капитал, инфляция, базалық мөлшерлеме, сондай-ақ цифрлық технологияларға жұмсалатын шығындар мен цифрлық

инвестициялар өзара ықпалдасып, нәтижелік көрсеткіштерге кешенді әсер етеді. Осыған байланысты диссертацияда цифрлық трансформацияны зерттеу үшін институционалдық талдауды, ретроспективалық бағалауды және эконометрикалық модельдеуді біріктіретін синтетикалық ғылыми тәсіл қолданылған. Бұл тұжырым зерттеудің бесінші міндетімен, яғни негізгі қаржылық көрсеткіштердің динамикасын цифрлық факторлардың ықпалын ескере отырып болжау міндетімен тікелей сабақтас.

6. Практикалық тұрғыдан зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі Қазақстан банк секторының негізгі қаржылық көрсеткіштерін орта мерзімді кезеңде болжауға арналған көпфакторлы корреляциялық-регрессиялық модельдердің әзірленуі болды. Диссертацияда бұл тәсіл 2013–2025 жылдардағы нақты деректер базасына сүйене отырып құрылып, банк делдалдығының инерциясын, баланс құрылымының ерекшеліктерін және макроэкономикалық ортаға сезімталдықты есепке алуға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Мұндай модельдеу жай ғана статистикалық сипаттамаларды қайталау емес, ол реттеуші мен банк менеджментіне болашақ даму траекторияларын сандық және аналитикалық деңгейде түсіндіретін құрал ұсынады. Яғни бұл нәтиже практикалық шешім қабылдауға жарамды, өйткені ол цифрлық жаңғыртудың салдарын тек сапалық бағамен емес, өлшенетін параметрлер арқылы негіздеуге жағдай жасайды.

7. 2026–2030 жылдарға арналған банк секторы пайдасының сценарийлік болжамы зерттеудің аса маңызды практикалық қорытындыларының бірі болып табылады. Есептеулер бойынша реалистік сценарийде пайда 2026 жылғы 2,651 трлн теңгеден 2030 жылы 4,677 трлн теңгеге дейін өседі, оптимистік сценарийде 2,959 трлн теңгеден 8,106 трлн теңгеге дейін жетеді, ал пессимистік сценарийде 2,545 трлн теңгеден 3,815 трлн теңгеге дейін көтеріледі. Бұл деректер, бір жағынан, барлық сценарийлерде пайданың оң динамикасы сақталатынын көрсетсе, екінші жағынан, оның өсу қарқыны инфляциялық қысымға және ақша-кредит саясатының қатандығына өте сезімтал екенін айқындайды. Практикалық мағынада бұл нәтиже банк секторының табыстылығын бағалау кезінде инфляция мен базалық мөлшерлеме өзгерістерін елемеуге болмайтынын дәлелдейді, ал реттеуші үшін мұндай болжам макроэкономикалық шешімдердің қаржы нарығына ықпалын алдын ала бағалаудың нақты құралына айналады.

8. Зерттеу нәтижесінде меншікті капиталдың 2026–2030 жылдарға арналған болжамдық траекториялары да есептеліп, капиталданудың банк секторындағы тұрақтылық факторы ретіндегі маңызы практикалық түрде дәлелденді. Диссертацияда капиталдың қалыптасуы теориялық жағынан да, сандық жағынан да негізделіп, оның банктер үшін ықтимал шығындарды жабудың және сыртқы күйзелістерге қарсы тұрудың негізгі буфері екені көрсетілген. Сценарлық талдау нәтижелері барлық макроэкономикалық жағдайда пайда мен капиталдың оң динамикасы сақталатынын, бірақ өсім қарқыны ақша-кредит саясатына, инфляциялық ортаға және жалпы экономикалық ахуалға тәуелді болатынын айқындайды. Мұның практикалық

мәні мынада: меншікті капитал енді есептік көрсеткіш қана емес, цифрлық трансформация, реттеушілік қысым және нарықтық белгісіздік жағдайында банк жүйесінің ұзақ мерзімді өміршеңдігін қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, капитал болжамы реттеуші үшін де, банктердің стратегиялық менеджменті үшін де ерте бағдар беретін құрал қызметін атқарады.

9. Диссертацияда модельдеу нәтижелері мен халықаралық тәжірибені ұштастыру негізінде Қазақстан банк секторын жаңғыртудың авторлық сценарийлік бағдарламасы әзірленді, бұл зерттеудің тікелей қолданбалы нәтижесі болып табылады. 2026–2030 жылдарға арналған бұл бағдарламада реалистік, оптимистік және пессимистік сценарийлер бойынша нақты іс-шаралар, орындаушылар, мерзімдер, іске асыру шарттары және күтілетін нәтижелер жүйеленген. Мәселен, реалистік сценарийде цифрлық инфрақұрылымды дамыту, SupTech мониторингін енгізу және ашық API дамыту көзделсе, оптимистік сценарийде цифрлық теңгені жедел енгізу, финтех экожүйелерін кеңейту және төлем жүйелерінің халықаралық интеграциясы қарастырылған, ал пессимистік жағдайда макропруденциялық бақылауды күшейту секілді тұрақтандыру шаралары басымдыққа ие болады. Бұл бағдарламаның практикалық артықшылығы оның диссертациядағы сандық болжамдармен байланысында жатыр: яғни ұсынылған шаралар абстрактілі ниет емес, нақты есептелген даму траекторияларына негізделген басқарушылық шешімдер жиынтығы ретінде ұсынылған.

10. Зерттеу қорытындысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және коммерциялық банктерге арналған нақты практикалық ұсынымдар кешені әзірленді, олар цифрлық жаңғыртудың институционалдық және технологиялық тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Бұл ұсынымдар қатарында QR-төлемдер үшін бірыңғай ұлттық стандартты енгізу, Open API негізіндегі үйлесімді инфрақұрылымды қалыптастыру, киберинциденттерді нақты уақыт режимінде қадағалайтын интеграцияланған мониторинг орталығын құру, SupTech және RegTech құралдарын кезең-кезеңімен енгізу, сондай-ақ цифрлық инвестициялардың тиімділігін жүйелі бағалау сияқты шаралар бар. Ең маңыздысы, бұл ұсынымдар зерттеуде бөлек-бөлек идеялар ретінде емес, банктік қадағалаудың реактивті сипатынан алдын ала болжауға негізделген превентивті бақылау моделіне көшу логикасымен байланыстырылған. Сондықтан диссертация нәтижелерінің практикалық құндылығы өте жоғары деп бағалануы мүмкін: олар реттеушілік саясатта, банк менеджментінде, цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағдарламаларында және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық стратегияларда пайдалануға жарамды.

**Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу.** Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми консультанттармен бірлесіп бірқатар ғылыми еңбектер ашық баспа беттерінде сынақтан өтіп, халықаралық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларына баяндалды. Олардың ішінде:

- Scopus деректер базасында индекстелетін басылымда бір мақала;

- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарық көрген 3 мақала;

- халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ұсынылған 3 баяндама.

Диссертация нәтижелік қорытындылары зерттелініп, «Халық Банк» АҚ ҚФ, «БЦК» АҚ ҚФ қызметінде қолдану және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ ҚФ атынан ілеспе хатының болуы.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Жұмыс нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың мазмұны 168 дереккөзді, 35 кестені, 15 суретті және 5 қосымшаны қолдана отырып, 154 бетте ұсынылған.

Докторант



Исанов А.С.